

САРЫАРҚАНЫҢ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ТЕРМИНДЕРІ МЕН ТОПОНИМДЕР ЖҮЙЕСІНІҢ
ЛАНДШАФТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУДАҒЫ РӨЛІ

А.Е. Егинбаева¹ PhD, К.Т. Сапаров¹ геогр. ғылымд. докт., З.К. Мырзалиева² геогр. ғылымд. канд., М.А. Аралбекова¹ геология-минералогия ғылымд. канд.

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұрсұлтан қаласы, Қазақстан
E-mail: aeginbaeva@mail.ru, k.sapar67@yandex.ru, mari14.12@mail.ru

² SILK WAY халықаралық университеті, Шымкент қ., Қазақстан
E-mail: zabira2011@mail.ru

Ауыл шаруашылығының салаларында әртүрлі табиғи ортадағы өсімдік жамылғысының жыл мезгілдеріне байланысты мал жайылымы ретінде пайдалану, соған байланысты көшпелі мал шаруашылығын тиімді ұйымдастыру, жер иеліктерін нарықтық экономика талаптарына сай ұтымды игеру және экологиялық тұрғысынан қарастыру маңызды мәселе болып табылады. Мақалада ландшафт ерекшеліктері туралы маңызды ақпарат беретін, дәстүрлі мал шаруашылығында пайдаланылатын жайылымдық атаулар мен терминдердің географиялық атаулардағы көрінісі туралы сөз болады. Сонымен қатар, осы аумақты мекен еткен этностың табиғат жағдайларын пайдалануы, белгілі ландшафтқа тән жайылымдық терминдердің кеңістіктік таралуы бойынша заңдылықтары қарастырылған.

Түйін сөздер: ландшафттық топонимика, топырақ және өсімдіктер жамылғысы, тиімді ұйымдастыру, табиғи ресурстар, ұтымды пайдалану, экологиялық көзқарас

Поступила 25.03.21

DOI: 10.54668/2789-6323-2021-101-2-52-62

КІРІСПЕ

Қазақстанның барлық жер көлемі 2724,9 мың км². Жер қорымыздың көлемі өте үлкен болғанымен, оның сапасы соңғы жылдары күрт нашарлап отыр. Жерді дұрыс пайдаланбау салдарынан топырақ деградацияға ұшырап, құнарсыздану, шөлге айналу процестері күшейе түсуде [2]. Сарыарқаның құрғақ дала, шөлейт, шөл аймақтары табиғи жайылымдар ретінде кеңінен пайдаланылады. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде барлық жерді жырту, Арқаның құрғақ аймақтарында мал азығы қорына үлкен қиыншылық әкелді. Табиғи жайылымдардың тозуының негізгі себептері, біріншіден, жайылымның ретсіз пайдалануы. Көптеген жағдайда жайылымды жаңартып отыру күнделікті кестемен (жүйемен) пайдалану қажеттілігіне сай ескеріле бермейді. Сонымен қатар, аумақтағы кеншарларды үнемі бір бағытта жайылымды өзгертпей пайдалана

беру, жердің тапталып, тақырланып жарамай қалуына әкеледі. Арқаның үлкен бөлігін қамтып жатқан Қарағанды облысында жайылымның тозу мәселелері табиғи (факторлармен), сонымен қатар экологиялық жағдаймен тікелей байланысты. Антропогендік кері іс-әрекетке байланысты шөлдену мен жайылымның тозуының кеңею процестері табиғи және антропогендік әсер немесе себептермен түсіндіріледі. Табиғи факторлар аумақтың табиғи жайылымдары аридті зонада орналасуымен, ылғалдың аз түсуімен, булану мөлшерінің жоғарлығы және жер бедерінің ерекшеліктері бойынша бағаланады. Климаттың қуаңшылығы, жауын-шашынның аз түсуі шөлдену процесінің негізгі катализаторы болып табылады [5].

Сарыарқаның оңтүстік бөлігінде (Солтүстік-Балқаш маңы, Бетпақдала, Ұлытау, Ақтоғай, Шет аудандарының оңтүстігі) шөлдену процесі қарқынды жүріп, жайылымдық жерлердің азаюына және тозуымен қатар мол

өнімділігінің жер шұрайының кетуіне толығымен тәуелді болып қалғаны айқындалды [17]. Жайылымдардың семантикалық үлгілерін қарастыру арқылы олардың табиғат ерекшеліктері (рельеф, литологиясы, ылғалдану дәрежесі, өсімдік дүниесі) және шаруашылықта пайдалану дәрежесі мен мүмкіншіліктері жөнінде деректерді жинақтап, экологиялық ақпараттар алуға болады (1-кесте). Кестеде берілген жайылымдық атауларды бұрын жарық көрген әдебиеттерден, сөздіктерден және карталардан (көшпелі мал шаруашылығының жыл мезгілдеріне байланысты жайылымдық жерлерді пайдалану (масштабы 1:2 000 000); Қарағанды облысының ауыл шаруашылық жерлерін экономикалық-географиялық тұрғыдан бағалау (масштабы 1:600 000)) жинастырдық. Жайылым атауларының негізінде географиялық терминология жатыр. Сондықтан жайылымдық терминдер мағыналық жүктемесіне қарай топтастырылды.

Үлкен ғылыми және практикалық маңызы бар топонимдерде табиғаттың әр түрлілігі, табиғат ресурстарының бары, орографиялық қарама-қарсылықтар, ландшафттардың алашабырлығы, әр жердің климаттық және гидрографиялық ерекшеліктері, сондай-ақ табиғи және басқа объектілердің сыртқы нышандары, өзіндік ерекшеліктері, саны мен сапасы, ішкі құрылысы мен мәні, қатыстылығы, тұрған орны және басқа елеулі қасиеттері мен белгілері айнадағыдай анық көрінеді. Олар бойынша су көздеріндегі судың сипаты туралы, флора мен фаунаының бұрынғы және қазіргі жай-күйлері туралы, жайылымдардың өнімділігі мен маусымдылығы туралы, белгілі бір аумақтың экологиясының жайы және т.б. ақпараттарға қол жеткізуге болады [4].

Сарыарқа – Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймақтарының бірі. Сарыарқа ерекше табиғи бітім болмысымен, көне тарихымен дараланатын, бай-байтақ мекеннің бірі. Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен, сарғайып жататын кең де, үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді. Солтүстігінде Батыс Сібір жазығымен ұштасып, оңтүстігінде Балқаш көліне дейін, шығысында Қалба және Тарбағатай жоталарымен шектесіп, батысында Торғай қолатына дейін созылған алып жонды халқымыз «Сарыарқа» деп атаған. Сарыарқа $54^{\circ}...46^{\circ}$ с.е. және $66^{\circ}...80^{\circ}$ ш.б. араларында орналасқан,

жоғарыдан қарағанда шығысқа қарай жіңішкере, дұрыс емес трапеция пішіндес болып келеді. Оның батыстан шығысқа қарай ұзындығы 1200 км, шығыс бөлігінде ені 400 км, батысында 900 км-ге жуық. Ауданы 1 млн. км²-ге жуық. Қарағанды, Ақмола облыстарын толығынан, Шығыс Қазақстан облысының басым бөлігін, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарының біраз жерін қамтиды [5].

Сарыарқаның табиғи жағдайын жақсы білетін қазақ халқы жайылымдарды атау (номинация) қағидасы бойынша ажыратып, әрбір мал түріне арналған жайылымдардың түрлік құрамын айқындағанын байқауға болады. Жайылым терминдерінің көмегімен фитонимдер мен ландшафттың ерекшеліктері туралы кең ақпарат алуға болады. Уақыт санатындағы жергілікті табиғи жағдайлар өзгеріске ұшыраса да, топонимдердегі жайылым терминдері ландшафттың ерекшеліктері туралы толық ақпарат бере алады. Мал шаруашылығының көшпелі сипаты мен жайылымдарды пайдалану ерекшелігі жергілікті топонимдерде көрініс тапты.

Зоналды және аймақтық ерекшеліктері бар жайылымдық жүйелер белгілі бір физикалық-географиялық жағдайларда қалыптасады. Қазақстан территориясында жайылымдар орманды дала, дала, шөлейт, шөл ландшафтарына негізделген. Табиғи-климаттық жағдайларға байланысты көшпенділер жыл бойы маусымдық жайылымдарда мал жайған. Жаз кезінде дала немесе тау шабындықтарында, ал қыста шөлейт және шөл аймақтарында қоныстаған. Өмір сүру салты мен шаруашылықты жүргізуіне байланысты адамдардың географиялық танымын кеңейткен. Соған байланысты қазақ халқының көптеген географиялық терминдер мал шаруашылығымен (жайылым түрлері, мал суарудағы су айдындары және т.б.) байланысты келеді. Соның ішінде табиғи жағдайы мен шаруашылықты жүргізу ерекшеліктеріне байланысты жайылымдық терминдер де бай болып келеді. Қазақ халқының ұлттық жер пайдаланудағы терминдер ішінде жайылымдық терминдерге байланысты атаулар ерекше көзге түседі. Жайылымдық терминдердің қалыптасуында жер бедері, климат, су көзі, топырақ жамылғысы, өсімдіктер және жануарлар дүниесі, көшпелі мал шаруашылығы ерекшеліктерін сипаттайтын ұлттық географиялық терминдер маңызды рөл атқарады [14].

Сарыарқада табиғат қорғау шараларын ұйымдастыру идеяларының қазақ қоғамында ертеден қалыптасқанын топонимдер арқылы («Хан қорығы», «Кеңқорық», «Құлан Қорық», «Үлкен қорық», «Қорық даласы» т.б.) аңғаруға болады. М. Қашқаридың еңбегінде «қорық» сөзінің мағынасы «тыйым салынған жер», қорғалатын қоршалған аумақ ретінде айтылады. Қазақстан мен Орта Азияның табиғаты көрікті жайылымы мол жерлерінде көне дәуірлерде қорыққа айналдырылған орындардың болғанын тарихи жазба деректерден кездестірдік [7].

Қорықшар – атауын (Жарма ауданы) Шар өзенінің маңында қорғауға алынған аумақ деп топшылауға болады. Шыңғыстауда Қорықбол өзен, жайлау атауын кездестірсек, Қорымжайлау өзені өзінің жайылым ерекшелігі жөнінде мол экологиялық ақпар береді. Сондықтан табиғат қорғаудың халықтық түрі қазақ жерінде әлдеқайда ертеде қалыптасқанын аңғаруға болады. Аңшылық кұрудың кезеңдері, уақыты, орманда аң аулаудың ережелері болған. Қазақ халқында табиғат оның нысандарын қорғау идеялары ертеден қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып беріліп, экологиялық мәдениеттің қалыптасуына біршама ықпал етті [1].

Қазақ халқының жайылымдық терминдер және олардың жіктелуін зерттеудің негізін Ғ.К. Қоңқашбаев қалады. Ол өзінің «Қазақтың ұлттық географиялық терминдері» атты еңбегінде «Көшпелі мал шаруашылық үшін жергілікті жердің табиғи жағдайлары маңызды рөл атқарады. Яғни жергілікті жердің жер бедері элементтері, гидрография мен климат ерекшеліктері, өсімдік жамылғысының құрамы, жабайы аңдар септігін тигізген» деп жазды [13].

Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану көшпелі мал шаруашылығында жайылымдарды маусым бойынша жіктеп жүргізуде өте маңызды болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде жайылымдардың 6 түрі белгілі: 1) қыстау; 2) жайлау; 3) көктеу; 4) күзеу; 5) биік таулы жайылым; 6) құмды жайылым. Жалпы халықта жайылымды жерлердің сапасын, өнімділігін, маусымдылығын, сумен қамтамасыз етілуін және т.б. жайылымдардың құрылымын сипаттайтын 40-тан астам жайылым түрлерінің атаулары бар. Қыстауларды пайланудағы негізгі терминдер: тебін, тепсен болып табылады. Тебін (тебу етістігінен) – қармен жабылған қысқы жабын. Жылқы қар астынан аяқпен өзінің жемін табады,

тебін қазақта жайылым деңгейіне байланысты әртүрлі атауға келеді. Сарыарқада аумағында тебін термині қатысқан Тебін қоныс (Ақмола облысы), Қойтебін қыстау (Қарағанды облысы) анықталды [13, 14].

Маусымдық жайылымдар терминдеріне өртең, жон жатқызылады. Өртең термині – ескі шөбі өртеліп, орнына көк шөп шыққан жер мағынасын береді. Кейде өрт болған жерді де келесі жылы өртең деп атай береді. Жон деп дөңес жерлердің, таулардың үстін, арқасын атайды. Әдетте, ой «төмен» сөзіне қарама-қарсы мәнде қолданылады. Сарыарқа аумағында осы терминдер қатысқан топонимдер: Арықтыжон (қоныс), Жонадыр (тау), Жүнжон² (көл, тау) (Ақмола облысы), Жон (ауыл) (Қарағанды облысы), Маяжон (таулар), Сұлужон² (қоныс, тау) (Павлодар облысы), Жонқызыл (тау), Маяжон (таулар), Сұлужон (төбе), Өртеңтау (тау) (Шығыс Қазақстан облысы) және т.б.

Жоғарыда айтылған терминдер жер бедерінің ерекшеліктерін сипаттайды. Сонымен қатар, климат пен орографиялық ерекшеліктерін қоса сипаттайтын терминдер де бар. Мысалы: қағыл, бауыр, беткей, етек, күнгеі. Қағыл термині таудың желді емес бөктерінде орналасқан жайылымды сипаттайды. Бауыр, беткей, етек, күнгеі терминдері малдарды жаюдың тәсілдерін сипаттайды. Бауыр термині желдетілген, төмпешіктің қорғалған төскейі, тау асты жазықтығы дегенді білдіреді. Қазақтар қыста боран кездері малды баурайда жайлайды. Бет – таулы жердің құлама жағы, беткейі мәнін береді. Осы лексемалар қатысқан Сарыарқа аумағындағы топонимдер: Бауыркөл (батпақ), Ескі Қарабауыр (ауыл), Жаңақарабауыр (ауыл), Қарабауыр (көл), Науа-етек (көл), Бет (қоныс), Бетағаш (қоныс), Бетқұдық² (қоныс, шоқы), Беттібұлақ (өзен) (Ақмола облысы); Басқағыл (жота), Қағыл² (аласа таулы жота, төбе), Ортақағыл (жота), Үшқағыл² (ауыл, тау), Ақбауыр² (ауыл, қыстау), Бауыр (қыстау), Бауырөзен (өзен), Беталыс (ауыл), Бетбұлақ (ауыл), Бетқұдық (ауыл), Жаңабет (қыстау), Сарыбет (тау) (Қарағанды облысы); Бетағаш (өзен), Қоянбет (қыстау) (Қостанай облысы); Ақбет (тау), Бет (тау), Келбет (қоныс) (Павлодар облысы), Сарыбауыр (қоныс) (Солтүстік Қазақстан облысы), Бетқұдық (құдық) (Шығыс Қазақстан облысы) және т.б. Күнгеі – таудың күнге қараған оңтүстік беткейі. Жайылымның көктемде мал бағуға болатынан хабар береді.

Ол жерлерде қысты күндері қар тез еритіндіктен мал жайылады [12, 15].

Жер бедерінің пішінін сипаттайтын таулық жайылымдар терминдеріне теріскей (теріс, солтүстік жақ), қойын (желден қорғалған үлкен емес шығанақ) жатады. Сарыарқа аумағындағы осы терминдерге байланысты топонимдер: Аққойын (қоныс), Қойын (қоныс²), Терісаққан (өзен), Терісбұтақ (өзен) (Ақмола облысы); Қарақойын³ (көл, құмды алқап, қыстау), Терісайрық (бөген), Терісаққан² (ауыл, өзен), Терісбұтақ (өзен²), Теріскей-Жыланды (қыстау), Теріскен (кұдық), Теріскенеспе (кұрғақ арна) (Қарағанды облысы); Бала Терісаққан (өзен), Терісаққан (өзен) (Қостанай облысы); Терісайрық³ (қыстау, өзен²) (Шығыс Қазақстан облысы) және т.б. Яғни жайылымдар үшін мал желден, бораннан қорған таба алатын жерлер (ойпат, таулы өзен аңғарлары, тау сайлары) болып табылады. Қыс кезінде мал тоғайлы, қоғалы жерлерде жайылған. Сарыарқа аумағында көл, батпақ, қоныс және т.б. атауларында қоға термині қатысқан 25 астам топоним анықталды. Мысалы: Қарақоға⁹ (ауыл орны, көл⁷, қоныс), Қоғалыкөл (батпақ), Қоғаөзек (сай) (Ақмола облысы); Қарақоға² (ауыл, қоныс), Қоға² (көл, қыстау), Қоғалыжайдақ (бұлақ), Қоғалыжар (бейіт), Қоғалыөзек (өзен) (Қарағанды облысы); Жалпаққоға (көл), Қоға (қыстау³), Қоғалы (қыстау), Қоғалыкөл (Мұхамеджан) (ауыл), Ұзынқоға (ауыл орны) (Қостанай облысы); Қарақоға (қоныс), Қарақоғалы (көл), Қоғалы (тұзды көл), Қуандыққоға (қоныс), Ортақоға (ауыл) (Павлодар облысы); Қарақоға (көл) (Солтүстік Қазақстан облысы), Қоғалы (қыстау) (Шығыс Қазақстан облысы) және т.б. [8, 10].

Жайлауларға өсімдік жамылығысының мол өсуіне әсерін тигізетін, еріген қар суы мол жиналатын тау аралық шұңқырлардағы жер бедері басты рөл атқарады. Соның нәтижесінде жер бедері пішіндері мен өсімдік жамылығысының тығыз байланысы нәтижесінде жайылымдық терминдерге айналды. Бидайық жайылымы – көктемде еріген қар суымен толтырылып, жазда кепкеннен кейін жайылымға айналатын шұңқыр тәріздес, төмен жатқан жерлер. Сарыарқада бидайық термині қатысқан топонимдер: Қарабидайық (өзен), Бидайық⁵ (ауыл, қоныс, қыстау, өзен²) (Қарағанды облысы); Бесбидайық² (ауыл, қоныс), Бидайық (ауыл), Инембидайық (қоныс), Кеңбидайық² (ауыл, қоныс), Қараби-

дайық⁴ (қоныс³, тұзды көл), Қызылбидайық (қоныс) (Ақмола облысы); Алабидайық (қыстау), Жарбидайық (жылға), Қарабидайық (қыстау) (Қостанай облысы); Ақбидайық (қоныс²), Бидайық² (көл, қоныс), Еркебидайық (қоныс), Жарықбидайық (қоныс), Қарабидайық³ (көл, қоныс, ескі жұрт), Қосбидайық (тұзды көл), Сарыбидайық (қоныс²), Тасбидайық (қоныс), Үлкен Бидайық (қоныс) (Павлодар облысы); Бидайық (қоныс, ауыл) (Шығыс Қазақстан облысы) және т.б.

Қыстаулар негізінен биіктігі адамның бойымен бірдей болатын, соның есебінен қар аз жиналатын қамыс өскен аймақтарда орналасады. Қамыс лексемасы қатысқан Сарыарқа аумағындағы топонимдер: Қамысқұдық (кұдық³), Қамыстыкөл (көл), Қырауқамыс (ауыл) (Қарағанды облысы); Басқамыс (қыстау), Кіші Қамыс (тұзды көл), Көкқамыс (көл), Қамыс (қоныс), Қамысақ (көл), Қамысақты (көл²), Қамыскөл² (көл, тұзды көл), Қамыстыкөл (көл), Сарықамыс² (көл, өзен), Сулықамыс (көлдер) (Ақмола облысы); Сарықамыс⁵ (ащы тұзды көл, көл³, ескі арна), Қамыстыкөл (көл) (Павлодар облысы); Қарақамыс² (көл, ауыл орны), Үшқамыс (қыстау) (Қостанай облысы); Қамысақты (өзен), Қарақамыс (ауыл) (Солтүстік Қазақстан облысы); Сарықамыс (ауыл орны) (Шығыс Қазақстан облысы) және т.б.

Сонымен қатар, көшпелі мал шаруашылығы үшін маңызды болып табылатын басқа да өсімдік жамылғысы терминдері қатысқан топонимдер бар. Мысалы, май сөзі жер-су атын жасауда «мал семіретін құнарлы, қонды жер» мағынасында жұмсалады. Қия сөзі «таудың, төбенің т.б. нысандардың тік беті» мағынасын береді. Атап айтқанда, Майлы (шоқылар), Майлықөл (көл), Майлықара² (өзен, тау), Майлысор (ащы тұзды көл) (Ақмола облысы), Майлыбай (бейіт), Майлыбұлақ (бұлақ), Майлықөл² (көл, төбешік) (Қарағанды облысы); Майлықара (тау) (Шығыс Қазақстан облысы), Аққияк³ (қоныс, қыстау, өзен), Қияқты⁴ (қоныс, өзен, сор, тұйық көл), Сарықияк (қыстау) (Қарағанды облысы); Қияк (көл), Сарықияк (қоныс) (Ақмола облысы); Қияқсай (өзен) (Қостанай облысы); Сарықияк² (ескі жұрт, қыстау), Қиякөл (тұзды көл) (Павлодар облысы); Аққияк (көл) (Шығыс Қазақстан облысы) және т.б. [12, 16].

Ши (чий) астық тұқымдас шөптесінді өсімдік түріне жатады. Бұл жерде ши өсімдігіне қатысты

топонимикалық мәліметтерді ландшафттық индикацияда пайдалану мүмкіндігі қызығушылық тудырады. Геоботаник ғалымдар С.В. Викторов пен А.Г. Чекишев ши және қамыс өсімдіктерін гидроиндикатор ретінде пайдаланған және оның көмегімен жер асты суларының тереңдігі мен минералдық құрамын анықтауда пайдалану мүмкіндіктерін анықтаған. Әсіресе шидің түрлері бойынша жер асты суларының әр түрлі тереңдіктерін және минералдану дәрежесін нақты есептеп көрсеткен [3]. 1897 ж. Парижде шыққан «Жизнь киргизских степей» атты еңбекте Б.Залесский қазақтардың сайын далада су көздерін қаулай өскен шиге қарап табатынын хабарлайды. «Ши» лексемалы топонимдер жер асты суын табу үшін индикатор қызметін атқарады деген ойға келеді [6]. Аумағының көп бөлігін шөл ландшафтысы алып жатқан Сарыарқа топонимдерінде ши өсімдігі атауының шоғырлануы осындай индикаторлық қызметінен туындауы әбден мүмкін. Сарыарқа аумағында Ақши (ауыл, құдық², құрғақ арна, қыстау⁴), Астауши (қыстау), Атанши (ауыл орны), Караванши (бейіт), Сарыши (ауыл), Тасши (өзен), Үлкенши (құдық), Шикұдық (құдық²), Шилі² (бұлақ, ауыл), Шилікұдық (бұлақ) (Қарағанды облысы); Ақши (көл), Жалтырши (көл), Көнши (қоныс), Қараши (қоныс²), Шилі (өзен, ауыл), Шилісай (жыра, көл), Шөлқараши (қоныс) (Ақмола облысы), Шикамыс (көл), Шилі (өзен) (Қостанай облысы); Ақши³ (қоныс², ауыл), Баймырзашилi (қоныс), Шилі (ауыл), Шилікұдық² (қоныс, ауыл) (Павлодар облысы); Ақши² (ауыл, қыстау), Арнаши (қыстау), Шыңғаши (қыстау) (Шығыс Қазақстан облысы) және т.б. ши өсімдігі атауымен жасалған басқа да топонимдер кездеседі.

Сол сияқты Қазақстанның шөлейт және шөл зоналарының топонимдерде көрініс табуын сипаттау барысында көкпек өсімдігінің шөлейтті құбылыстардың индикатор қызметі туралы Каймулдинова К.К. өз зерттеулерінде қарастырған. Ол қазақстандық геоботаник Б.А. Быковтың зерттеулеріне сәйкес, көкпектің шөлейт зонасында, сонымен қатар шөлдің солтүстігіндегі сортаң топырақтарда таралғаны, доминанта өсімдік ретінде «көкпекті жайылымдар» қалыптастыратындығы туралы жазды [9]. Сарырақа аумағында көкпек өсімдігінің атауымен жасалған Көкпектас (тау), Көкпекті (өзен²), Көкпекті⁴ (ауыл, өзен³), Көкпекті-Қызылқак (қоныс),

Көкпектікөл (ауыл), Көкпекқолат (ескі арна) топонимдері анықталды және олар шөлейт зонасы аймағына сәйкес келеді.

Жайылымдық терминдерде жайылым түрлерін ажыратуда көгал, көкорай, көк, боз, шұбар, қоңыр сияқты түстік анықтауыштар қолданылады. Номадтар үшін көк сөзі шынымен қасиетті болатын себебі: көк – аспан, көк – көктем, көк – жаз, мал тойынатын кез. Мал тойынса, көшпелілер де тойынатын кез. Топонимжасамда көк сөзі әртүрлі табиғи нысан атауларымен бірігіп, олардың көк, көкшіл, қара көк, аспан көк, кейде жасыл түстерін білдіреді. Қазақ өсімдіктің жасыл түсін көк деп атай береді. Сарыарқа аумағындағы осы терминдер негізінде көрініс тапқан топонимдерді қарастырдық: Көкайқынтамар (қоныс), Көкалажар (құрғақ арна), Көкбайсор (ашы тұзды көл), Көкбайтал (өзен), Көккөл (тұзды көл), Көкқамыс (көл), Көкөлең (қоныс), Көксай (ауыл), Көксор (ашы тұзды көл), Көктомар (тоған), Көктомпақ (қоныс), Көктөбе (төбе), Көкшолақ (қоныс) (Ақмола облысы); Жақсы Көкдомбақ (тау), Көкалажар (өзен), Көкбайтал² (құдық, тау), Көкбелең (тау), Көкбұлақ³ (ауыл, бұлақ, тау), Көкдомбақ⁶ (қырат, өзен, темір жол бекеті, тау², шоқы), Көкдөңгелек (қыстау), Көкирек (құдық), Көкқұдық (құдық²), Көклексу (қыстау), Көкөзек³ (қыстау², өзен), Көкөлең² (ауыл, қыстау), Көксай³ (ауыл, құрғақ арна, өзен), Көксеңгір (таулар), Көксу (ауыл), Көктабан (қыстау), Көктал⁶ (ауыл, қыстау, өзен⁴), Көктас⁶ (ауыл, өзен², темір жол бекеті, таулар, шоқы), Көктау² (тау, төбе), Көктіңкөлі³ (ауыл, көл, темір жол бекеті), Көктөбе⁵ (тау⁴, төбе) (Қарағанды облысы); Көкөлең (қыстау), Көктау (ауыл) (Қостанай облысы); Көкөзек² (қоныс, тұзды көл), Көксор (тұзды көл) (Павлодар облысы); Көген (тау), Бала Көксала (өзен), Көкрақ (құдық) (Шығыс Қазақстан облысы) және т.б.

Жер-су атына қатысты боз термині «құрғақ сор жер» және селеулі-бетегелі өсімдіктер ба-сым өскен, астық тұқымдасты өсімдіктерден тұратын далаларды анықтайды. Боз термині қатысқан Сарыарқа аумағындағы топонимдер: Бозайғыр⁴ (ауыл орны, көл², қыстау), Бозарал (қоныс), Бозашқыртау (жота), Бозбай² (ескі жұрт, өзен), Бозтал (ауыл), Бозшакөл² (ауыл орны, көл), Бозшасай (өзен), Бозшасор² (ашы тұзды көл, көл), Бозықты (көл), Бозым (ауыл орны) (Ақмола облысы); Бозай² (қыстау, өзен),

Боздақ (ауыл), Боздақсай (өзен), Бозінген (өзен), Бозкөл² (көл, құдық), Бозқақ (өзен), Бозқұдық (құдық), Бозтұмсық (ауыл), Бозшакөл (көл) (Қарағанды облысы); Бозшакөл (көл) (Қостанай облысы), Бозайғыр² (тау, көл), Бозбел (тау), Бозша (ауыл), Бозшакөл³ (ащы тұзды көл, темір жол бекеті, ауыл орны), Бозшасор (ащы тұзды көл, көл (Павлодар облысы); Боз (қыстау), Бозай (ауыл) Бозқараған (ауыл) (Шығыс Қазақстан облысы) және т.б.

Сонымен қатар жайылымдарды шұбар термині де сипаттайды. Ғ. Қоңқашбаевтың топшылауынша, қайыңды-көктеректі шоқтар деген мағынаны білдіреді. «Ара-арасында ойдым-ойдым жайылымы бар бұталы өріс» анықтамасы шұбар географиялық терминінің мәнін дәл ашды. Кей жерде бұта ғана емес, ойдым-ойдым өскен қайың, қарағай т.б. өсімдіктер де «шұбар» ұғымын туғызады. Бұл жерде географиялық нысанның ала-құла, теңбіл-теңбіл, шұбар түсті болып келуі басты ерекшелігі. Шұбарлар мал жайылымына аса қолайлы болғандықтан, ерекше назарда болған. Сарыарқа жерінде шұбар термині қатысуымен жасалған топонимдер анықталды. Мысалы: Атшұбар (сай), Жаманшұбар², Қызылшұбар, Үлкен Шұбар (қоныс), Шұбар (ауыл), Шұбаркөл (көл), Шұбарсор (сор); Жаманшұбар (қоныс), Наурызбайшұбар (құдық), Ойшұбар (қоныс), Шұбарағаш (қыстау), Шұбарайғыр² (қоныс, таулар), Шұбардала (қоныс²), Шұбаркөл³ (көңіш, кент, темір жол бекеті, тұзды көл), Шұбарқұдық² (қоныс, құдық), Шұбароба³ (қыстау, тау²), Шұбарөзек, Шұбарсай (өзен), Шұбартау (ауыл), Шұбартеңіз (қоныс), Шұбартөбе (қыстау), Шұбартүбек (ауыл, түбек); Шұбарайғыр, Шұбарөзек; Шұбартау (қоныс); Шұбар (қыстау), Шұбарайғыр (төбе), Шұбарқақ (қоныс), Шұбартас (ауыл), Шұбартөбе³ (көл, қоныс, тау) т.б.

Қоңыр термині Ғ.К. Қоңқашбаевтың пікірі бойынша «қыстауларға жақсы жер болатын өсімдік жамылығысы таралған төбешіктер». Топонимжасамда қоңыр түсті бұта, қарағаны мол өсетін тау, төбелерді, «шөбі пісіп, сола бастаған» табиғи нысандарды белгілейді. Ауыспалы мағынада малға жайлы қоңыр салқын жон, жота биіктіктерді атайды. Қоңыр термині негізінде қалыптасқан топонимдер: Аяқ қоңырден (қоныс), Егіндіқоңыр (көл), Қоңыр (өзен), Қоңырадыр (тау²), Қоңыржал (қоныс), Қоңыркөл³ (көл², қоныс), Қоңырөгіз (қоныс), Қоңырсу (өзен), Қоңыртөбе (шоқы³), Қоңы-

ртүбек (ауыл), Қоңыршоқы (тау); Байқоңыр⁵ (ауыл, көл, қыстау, өзен²), Жетіқоңыр (құмды алқап), Жуан Қоңыр (тау), Қоңырадыр (тау), Қоңырауыл (құдық), Қоңырбел (тау), Қоңыржал³ (жота, тау, төбе), Қоңыртемірші (таулар), Қоңыртөбе⁵ (қыстау², тау², шоқы), Шөлқоңыр (шоқы); Қоңырбиік (тау), Қоңыртас (тау), Қоңыртау (тау), Қосқоңыр (қоныс); Байқоңыр² (ауыл орны, қыстау), Қоңыр Сандықтас (тау), Қоңыраулыбейіт (қыстау), Қоңырөгіз (қыстау), Қоңыртау (ауыл) және т.б. Бұл топонимдерде қолданылған түстік терминдер жайылымдық жердің өсімдік жамылығысын және ландшафт ерекшеліктерін сипаттайды [11, 12].

Қыстаулар көбіне құмды жерлерде орналасқан. Қыс айларында көшпелі орта жүз қазақтары құмды алқаптарға (Қаратау, Мойынқұм, Арал маңындағы қыстауларға) көшіп отырған. Өйткені ылғалы аз болғандықтан құмды жерлердегі өсімдіктер құнарлы есептеліп, мал тез салмақ қосқан. Құм және оның туындылары құмдыкөл, құмкөл, құмқосақ, құмсуат терминдері қатысқан Сарыарқа аумағында 17 топоним анықталды. Мысалы: Ащықұмкөл (тұзды көл), Құмай³ (ауыл, өзен, шоқы), Құмдыкөл⁷ (ауыл, бөген, көл³, тұзды көл²), Құмкөл³ (ауыл, көл, қоныс), Құмқосақ (тау), Құмсуат (ауыл) (Ақмола облысы); Аралқұм (қыстау), Борлықұм (қыстау), Ботабайқұм (құм), Жарқұм (төбе), Жінішкекқұм³ (ауыл, қоныс, құм), Қаракұм (ауыл), Қатынқұм (құмды алқап), Құмадыр (тау), Құмаққазған (құдық), Құмдыеспе (өзен²), Құмдыкөл² (көл, қыстау), Құмжота (түбек), Құмкөл⁵ (артезиан құдығы, көл², қыстау, тұйық көл), Құмқайнар (құдық), Құммола (тау), Құмөзек (өзен), Құмтақыр (қоныс), Мойынқұм² (құм, құмды алқап), Сарыпанқұм (құм), Сарықұм³ (дала, құм, темір жол бекеті), Үлкенқұм (құм); Құмкешу (ауыл), Қызылқұм (ауыл орны), Құмантау (тау), Құмдыкөл (тұзды көл), Құмкөл (ащы тұзды көл); Құмдыкөл (көл), Құмтөккен (тау); Қаракұм (темір жол бекеті), Құмадыр (тау, төбешіктер), Құмназар (қыстау) және т.б.

Жайылымдық экожүйені зерттей келе, жайылымдық терминдер топонимдері көшпелі мал шаруашылығын жүргізудегі негізгі белгісі болуы мүмкін. Жайылымдық терминдер қатысқан топонимдер арқылы мал шаруашылығын жүргізудің ежелгі, ұмытылып қалған әдістері туралы ақпараттар аламыз (1-кесте).

Сарыарқаның жайылымдық терминдер топтамасы (семантикасы)

Жайылымдық терминдер топтамасы	Терминдер
Түсі бойынша	Көгал, боз, көкарай, шұбар, қоңыр, көк, керала, алатамыр, ақтебін
Өсімдігі бойынша	Қоға, бидайық, беделік, қамыс, қараот, шиыр, шілік, тал
Жер бедері бойынша	Бауыр, теріскей, беткей, күнгеі, етек, қойын
Жыл маусымы және қорғау шараларына байланысты	Қыстау (қойтебін, тебін, қағыл, желқара, қараш, бауыр), жайлау (жон, бидайық, соны), күзеу (шақат, атжал), көктеу (өртең, борбас), қорық
Ландшафттық ерекшелігі және топырақ жамылғысы бойынша	Құм, қоңыр, тақыр, шалғын, шұрат
Су қоры және физикалық-химиялық қасиеті бойынша	Суат, бұлақ, құдық, ащы, ащылауыт, тепсең, май
Ылғалдылығы бойынша	Бидайық, қақ, саз, қопа, томар

Жайылымдық экожүйесін қарастырғанда суат терминін айта кеткен жөн. Кез-келген су нысанының мал суаруға ыңғайлы жерін суат деп тайды. Ол кәдімгі құдықтан бастап, ірі көлдердің мал су ішуге жарамды жағаларына дейін болуы мүмкін. Мал шаруашылығын кәсіп еткен көшпелі қазақ халқына суат ерекше маңызды қызмет атқарған. Бұл термин Сарыарқа жерінде жиі кездеседі: Ақсуат² (көл, өзен), Бірсуат⁸ (бөген, ауыл³, қоныс, өзен², тоған), Жарсуат (ауыл, сор), Қойсуат (ауыл орны), Құмсуат (ауыл), Қызылсуат (ауыл), Суатбарсор (тұзды көл), Суаткөл (көл), Тассуат³ (ауыл², көл); Бірсуат (өзен), Суат (қыстау), Тассуат (ауыл көл); Ақсуат көл, Ақсуат (ауыл орны) және т.б. (2-кесте) [10].

Жайылымдық терминдердің топонимдер құрамындағы белсенділігі

Жайылым атауы	Топонимикалық белсенділігі
Ащы	Ащылы ⁴ – ауыл, жылға, өзен ² , Ащылайырық ³ – өзен, Ащылық – қоныс, Ащылыөзек ³ – қоныс, өзен ² , Ащылысай ³ – өзен, Ащысай ² – өзен, Ащысор ² – тұзды көл, Жаманащы ² – ауыл, разъезд, Жаращы – тау, Жарықашы ² – қоныс, Кіші Ащылы – өзен, Тақыращы – қоныс, Тұзащы – ащы тұзды көл, Шолақашы – өзен, Шұңқыращы – көл (Ақмола облысы); Ащыайрық – өзен, Ащылыб – қыстау, өзен ⁴ , төбешік, Ащылайырық – өзен, Ащылысай ² – қоныс, Ащылысай – өзен, Ащыөзек ³ – ауыл, өзен ² , Ащысор – көл, Ащышиөзек – өзен, Қызылащы – өзен (Қарағанды облысы); Ащытасты – бөген (Қостанай облысы); Ащылыөзек ² – қоныс, өзен ² , Қараащы ² – ауыл, қоныс (Павлодар облысы); Кеңашы – ауыл (Солтүстік Қазақстан облысы); Ащыайрық – өзен, Ащыбай – қыстау, Ащыөзек – өзен, Тұзащытөбе – төбе (Шығыс Қазақстан облысы).
Бауыр	Бауыркөл – батпақ, Ескі Қарабауыр – ауыл, Жанақарабауыр – ауыл, Қарабауыр – көл (Ақмола облысы); Ақбауыр ² – ауыл, қыстау, Бауыр – қыстау, Бауырөзен – өзен (Қарағанды облысы); Сарыбауыр – қоныс (Солтүстік Қазақстан облысы).
Батыс	Батыстау – ауыл (Қарағанды облысы).
Қағыл	Басқағыл – жота, Қағыл ² – аласа таулы жота, төбе, Ортақағыл – жота, Үшқағыл ² – ауыл, тау (Қарағанды облысы).

Жайылым атауы	Топонимикалық белсенділігі
Қайқаң	Үшқайқаң – өзен (Қарағанды облысы).
Қоңыр	Аяқ қоңырдың – қоныс, Егіндіқоңыр – көл, Қоңыр – өзен, Қоңырадыр ² – тау, Қоңыржал – қоныс, Қоңырөгіз – қоныс, Қоңыртөбе ³ – шоқы, Қоңыртүбек – ауыл, Қоңыршоқы – тау (Ақмола облысы); Байқоңыр ⁵ – ауыл, көл, қыстау, өзен ² , Жетіқоңыр – құмды алқап, Жуан қоңыр – тау, Қоңырадыр – тау, Қоңырауыл – құдық, Қоңырбайғұл – тау, Қоңырбел – тау, Қоңыржал ³ – жота, тау, төбе, Қоңыртемірші – таулар, Қоңыртөбе ⁵ – қыстау ² , тау ² , шоқы, Шөлқоңыр – шоқы (Қарағанды облысы); Қоңырбиік – тау, Қоңыртас – тау, Қоңыртау – тау, Қосолтүстік Қазақстан облысының – қоныс (Павлодар облысы); Байқоңыр ² – ауыл орны, қыстау, Қоңыр Сандықтас – тау, Қоңырөгіз – қыстау, Қоңыртау – ауыл (Шығыс Қазақстан облысы).
Көң	Көңши – қоныс (Ақмола облысы); Жақсы көң – өзен, Жаман көң – өзен, Көң – өзен (Қарағанды облысы).
Өртең	Өртеңтау – тау (Шығыс Қазақстан облысы).
Тақыр	Тақырашы – қоныс (Ақмола облысы); Көптақыр – қоныс, Қостақыр – тау, Құмтақыр – қоныс, Табақкентақыр (Кентарлау) – аңғар, Тақыртөбе – тау, Төрттақыр – қоныс (Қарағанды облысы); Ақтақыр – қоныс, Тақыркөл – көл, Тақырсор – ащы тұзды көл (Павлодар облысы); Тақыр – қыстау, өзен, Тақыртума ² – бұлақ, қоныс (Шығыс Қазақстан облысы).
Шұбар	Атшұбар – сай, Жаманшұбар ² – қоныс, Қызылшұбар – қоныс, Үлкен Шұбар – қоныс, Шұбар – ауыл, Шұбаркөл – көл, Шұбарсор – сор (Ақмола облысы); Жаманшұбар – қоныс, Наурызбайшұбар – құдық, Ойшұбар – қоныс, Шұбарайғыр ² – қоныс, таулар, Шұбардала ² – қоныс, Шұбароба ³ – қыстау, тау ² , Шұбарөзек – өзен, Шұбарсай – өзен, Шұбартау – ауыл, Шұбартеңіз – қоныс, Шұбартөбе – қыстау, Шұбартүбек ² – ауыл, Шұбартүбек – түбек (Қарағанды облысы); Шұбарайғыр – қоныс, Шұбарөзек – қоныс (Павлодар облысы); Шұбартау – қоныс (Солтүстік Қазақстан облысы); Шұбар – қыстау, Шұбарайғыр – төбе, Шұбарқақ – қоныс, Шұбартас – ауыл, Шұбартөбе ³ – көл, қоныс, тау (Шығыс Қазақстан облысы).

Табиғат пен қоғам арасындағы күрделі қарым-қатынастарды зерттеудің географиялық негіздері табиғи ортаның қазіргі жағдайларына баға беру, болашақтағы жай-күйін болжау және табиғатты қорғау мәселелерінде қамтиды. Қазіргі кезде географияның маңызды мәселелерінің бірі табиғат қорғаудың тиімді жолдарын іздестіру және табиғи ландшафттық жайылымдардың өзгерісін анықтау бағытын болжауға қатысты анықталды. Жайылымдық және аң аулайтын жерлерді қорғаудың дәстүрі Қазақстан жерін қола дәуірінде мекендеген тайпалардың өзінде болғандығы жөнінде деректер бар. «Қорық» сөзінің түбірі «қор», қоры (қорғау) қорғалатын жердің байлығын атауға болады. Қорық сөзімен кездесетін жер-су аттарында бұрынғы қоршалған жайылым, шабындық деген мағынасында қарастырдық. Сарыарқаның жайылымдық терминдері арқылы фитонимдер және

ландшафт ерекшеліктері мен өзгерістері жөнінде мол ақпараттар алуға болады. Атап айтсақ, боз, қоңыр, шұбар, құм, шақат, төскей, күнгеі, қағыл, саз, қамыс, тоғай, шілік, ши, алан, көктеу, жайлау, күзеу, қыстау, қорық және т.б. жайылымдық терминдер ландшафт ерекшеліктерін нақты сипаттайды.

Жайылым атауларының құрамында өсімдік атаулары көптеп кездеседі. Жайылым атауларынан жайылым және шабындықтарды тиімді пайдалану және қорғау мәселелері жөнінде ақпарлар алуға болады. Жайылым атауларын зерттеу және әртүрлі маусымдарға байланысты топтастырудың ғылыми-қолданбалы маңызын атап кету орынды деп білеміз. Жайылым атауларын қазақ халқы дәстүрлі шаруашылықта ландшафттық ерекшеліктері арқылы кеңінен пайдаланған және географиялық атаулардың физикалық-географиялық және этнографиялық не-

гізде қалыптасқанын аңғартады. Өйткені уақыт өте келе жергілікті жердегі табиғат жағдайлары өзгеріске ұшырауы мүмкін және ландшафт туралы мәлімет берері сөзсіз. Аграрлық-өнеркәсіптік кешендегі эколог мамандар қоғам мен табиғат арасындағы осы заманғы мәселелердің маңызын жете түсіне білу керек, нақтылы шаруашылық қызметінің сипатын, қоршаған ортаға деген әсерлердің жүктемесі мен бағытын алдын ала болжай білу қажет. Сонымен жайылым атауларын зерттеудің, олардың Қазақстанның әр бөлігінде мағыналарын ажыратудың топонимика үшін ғылыми-қолданбалы мәні бар деп қорытынды жасаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. *Айдаров О.* Шығыс Арал өңірінде қорықтар ұйымдастырудың кейбір мәселелері // География және табиғат. – Алматы, 2004. – №6. – Б. 17-20.
2. *Бейсенова Ә.С.* Қазақ елінің экологиялық ахуалы. Монография: – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – 392 б.
3. *Викторов С.В., Чекишев А.Г.* Ландшафтная индикация и ее практические применение. – М.: Издательство МГУ, 1990. – 200 с.
4. Государственный каталог географических названий Республики Казахстан. Том 6, часть I. Карагандинская область. – Алматы, 2006. – 232 с.
5. *Егинбаева А.Е.* Сарыарқа топонимикасы. Монография. – Алматы: ССК, 2019. – 224 б.
6. *Залеский Б.* Жизнь киргизских степей: Описания, рассказы, сказки. Текст и иллюстрации, выполненные в технике офорта, Бронисласа Залеского. – Париж: Ж.-Б. Вассёр, Книготорговец-издатель, ул. Пти-Лион, 36, 1865. – 56 с.
7. *Исқақов М.* Халық календары. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1963. – 210 б.
8. *Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.* Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. – Алма-Ата, 1992. – 264 с.
9. *Каймулдинова К.Д.* Қазақстанның аридті аймақтарының топонимиясы. – Алматы: TeColor, 2010. – 208 б.
10. *Керимбаев Е.А.* Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.
11. *Керимбаев Е.А.* Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: автореф. ... док. филол. наук. –

Алма-Ата, 1992. – 61 с.

12. *Конкашпаев Г.К.* Географические названия монгольского происхождения на территории Казахстана // Изв. АН КазССР. – 1959. – Вып. I(II). – С. 85-98.
13. *Конкашпаев Г.К.* Казахские народные географические термины: автореф. ... канд. географ. наук. – Алма-Ата, 1949. – 15 с.
14. *Конкашпаев Г.К.* Казахские народные географические термины // Изв. АН Каз ССР. Серия географическая. – 1951, – №99. – Вып. 3. – С. 3-47.
15. *Маканова А.У.* Экосистемы наземные (пастбищные) на примере Акмолинской области // Вестник КазНУ. Серия географ. – 2004. – №1. – С. 44-49.
16. Местные географические термины // под ред. Е.М. Поспелова, Н.И. Толстого. – М., 1970. – 220 с.
17. *Талжанов С.А.* Әртүрлі қоғамдық жүйе жағдайында Орталық Қазақстан жер ресурстарын мал шаруашылығының жайылымы ретінде пайдалануын экономикалық-географиялық тұрғыдан талдау: географ. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2004. – 27 б.

REFERENCES

1. *Aidarov O.* Shygys Aral onirinde koryktar uiymdastyrudyn keibir maseleleri // Geografiya zhane tabigat. – Almaty, 2004. – №6. – B. 17-20.
2. *Beisenova A.S.* Kazak elinin ekologiyalyk akhualy. Monografiya: – Almaty: Abai atyndagy KazUPU, 2018. – 392 b.
3. *Viktorov S.V., Chekischev A.G.* Landshaftnaya indikatsiya i ee prakticheskie primenenie. – M.: Izdatel'stvo MGU, 1990. – 200 s.
4. Gosudarstvennyi katalog geograficheskikh nazvanii Respubliki Kazakhstan. Tom 6, chast' I. Karagandinskaya oblast'. – Almaty, 2006. – 232 s.
5. *Eginbaeva A.E.* Saryarka toponimikasy. Monografiya. – Almaty: SSK, 2019. – 224 b.
6. *Zaleskii B.* Zhizn' kirgizskikh stepei: Opisaneya, rasskazy, skazki. Tekst i illyustratsii, vypolnennye v tekhnike oforta, Bronislasa Zaleskogo. – Parizh: Zh.-B. Vasser, Knigotorgovets-izdatel', ul. Pti-Lion, 36, 1865. – 56 s.
7. *Iskakov M.* Khalyk kalendar'y. – Almaty: Kazak memleket baspasy, 1963. – 210 b.
8. *Kadyrbaev M.K., Kurmankulov Zh.* Kul'tura drevnikh skotovodov i metallurgov Sary-Arki. –

Alma-Ata, 1992. – 264 s.

9. *Kaimuldinova K.D.* Kazakstannyn aridti aimaktarynyn toponimiyasy. – Almaty: Te-Color, 2010. – 208 b.

10. *Kerimbaev E.A.* Kazakhskaya onomastika v etnokul'turnom, nominativnom i funktsional'nom aspektakh. – Almaty, 1995. – 248 s.

11. *Kerimbaev E.A.* Etnokul'turnye osnovy nominatsii i funktsionirovaniya kazakhskikh sobstvennykh imen: avtoref. ... dok. filol. nauk. – Alma-Ata, 1992. – 61 s.

12. *Konkashpaev G.K.* Geograficheskie nazvaniya mongol'skogo proiskhozhdeniya na territorii Kazakhstana // *Izv. AN KazSSR.* – 1959. – Вып. I(II). – S. 85-98.

13. *Konkashpaev G.K.* Kazakhskie narodnye geograficheskie terminy: avtoref. ... kand. geograf.

nauk. – Alma-Ata, 1949. – 15 s.

14. *Konkashpaev G.K.* Kazakhskie narodnye geograficheskie terminy // *Izv. An Kaz SSR. Seriya geograficheskaya.* – 1951, – №99. – Вып. 3. – S. 3-47.

15. *Makanova A.U.* Ekosistemy nazemnye (pastbishchnye) na primere Akmolinskoi oblasti // *Vestnik KazNU. Seriya geograf.* – 2004. – №1. – S. 44-49.

16. *Mestnye geograficheskie terminy* // pod red. E.M. Pospelova, N.I. Tolstogo. – M., 1970. – 220 s.

17. *Talzhanov S.A.* Arturli kogamdyk zhuie zhagdaiynda Ortalyk Kazakstan zher resurstaryn mal sharuashylygynyn zhailylymy retinde paidalanuyn ekonomikalyk-geografyalyk turgydan taldau: geograf. gyl. kand. ... avtoref. – Almaty, 2004. – 27 b. Alma-Ata, 1992. – 264 s.

РОЛЬ СИСТЕМЫ ПАСТБИЩНЫХ ТЕРМИНОВ И ТОПОНИМОВ САРЫАРКИ В ОПРЕДЕЛЕНИИ ЛАНДШАФТНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ

А.Е. Егинбаева¹ PhD, К.Т. Сапаров¹ д.г.н., З.К. Мырзалиева² к.г.н., М.А. Аралбекова¹ к. г-м. н.

¹ Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан
E-mail: aeginbaeva@mail.ru, k.sapar67@yandex.ru, mari14.12@mail.ru

² Международный университет SILKWAY, г. Шымкент, Казахстан
E-mail: zabira2011@mail.ru

В рыночных условиях одним из ключевых вопросов хозяйствования является эффективное использование имеющихся природных ресурсов. В сельскохозяйственном производстве таковыми являются проблемы использования земельных ресурсов. Актуальной задачей является рациональное использование пастбищных ресурсов по сезонам года для ведения отгонно-пастбищного животноводства. В статье рассматривается отражение в географических названиях названий пастбищ и терминов, используемых в традиционном животноводстве, дающих важную информацию об особенностях ландшафта. Кроме того, определены закономерности использования природных условий этносом, населявшим данную территорию, пространственного распределения пастбищных терминов, характерных для определенного ландшафта.

Ключевые слова: ландшафтная топонимика, почвенный и растительный покров, эффективная организация, природные ресурсы, рациональное использование, экологический подход

THE ROLE OF THE SYSTEM OF PASTURE TERMS AND TOPONYMS OF SARYARKA IN DETERMINING LANDSCAPE FEATURES

A.Ye. Yeginbayeva¹ PhD, **K.T. Saparov**¹ doctor of geogr. sciences, **Z.K. Myrzaliev**² candidate of geogr. sciences, **M.A. Aralbekova**¹ candidate of geological and mineralogical sciences

¹ *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nursultan, Kazakhstan*

E-mail: aeginbaeva@mail.ru, k.sapar67@yandex.ru, mari14.12@mail.ru

² *SILK WAY International University, Shymkent, Kazakhstan*

E-mail: zabira2011@mail.ru

In market conditions, one of the key issues of management is the effective use of available natural resources. In agricultural production, these are the problems of using land resources. An urgent task is the rational use of pasture resources according to the seasons of the year for the management of pasture cattle breeding. The article considers the reflection in geographical names of pasture names and terms used in traditional animal husbandry, which provide important information about the features of the landscape. In addition, the regularities of the use of natural conditions by the ethnic group that inhabited this territory, the spatial distribution of pasture terms characteristic of a particular landscape are determined.

Keywords: landscape toponymy, soil and vegetation cover, effective organization, natural resources, rational use, ecological approach